

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті
Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы бағыттары бойынша
академиялық комитет мәжілісінің

№ 2 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

22.10.2023 ж.

Қатысқандар: АК төрағасы – Халилаева Э.Ж., аға оқытушы, АК мүшелері – п.ғ.к., доцент Джаздықбаева М.Б., п.ғ.к., доцент Жумадуллаева А.А., п.ғ.к., доцент Кайбулдаева Г.А., PhD, аға оқытушы Мейрбекова Г.П., жұмыс беруші өкілі «Балдырған» бөбекжай-балабақша меңгерушісі Есетова С.М., білімгерлер: 6В01202 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу БББ білімгері Жарылхасын Д.Д., 7М01202 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу БББ магистранты Мирзаева С.А.

Қатыспағандар:-

Күн тәртібінде

1. Постмониторинг есебін дайындау.
2. РЕЕСТР-де өзектілігін жоғалтқан, соңғы 3 жыл контингент қабылдамаған ББ-ды ББ Реестрінен шығару
3. Қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау.

Тыңдалды:

АК төрағасы Э.Ж.Халилаева: Құрметті академиялық комитет мүшелері, күн тәртібінде екі сұрақ бар. Бірінші мәселе бойынша сөз берілді:

АК мүшесі, А.А.Жумадуллаева: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 6В01202 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу БББ., 7М01202 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім беру бағдарламаларының IQAA білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Тәуелсіз агенттіктің сыртқы сараптама комиссиясының ұсынымдарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес (2022 жылғы 25-28 сәуір.) постмониторинг есебі әзірленді. Есепте эксперт ұсынымдары бойынша атқарылған жұмыстардың дәлелдеуші құжаттарының қосымшасымен бірге тіркелді.

Есеп қабылданды.

Сөз кезегін АК мүшесі М.Б.Джаздықбаева: екінші мәселе бойынша келесі мәліметтерді берді:

БББ атауы	1-курс	2-курс	3-курс	4-курс
6В01202 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу БББ	12	7	15	9
7М01202 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу БББ	1	2		

Осыған орай, аталған білім беру бағдарламалары сұранысқа ие болғандықтан, соңғы 3 жыл контингент қабылданған, өзектілігін жоғалтқан жоқ, ББ РЕЕСТР-де қалдыру керек деп ұсынамыз.

АК мүшесі – Г.А.Кайбулдаева: қазан айында атқарылған іс-шаралар нәтижесін талдау үшінші мәселе бойынша сөз алды. Бакалавр деңгейіндегі БББ ішкі аудитін ұйымдастырылып, Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы бағыты бойынша оқу жоспарында көрсетілген пәндерге аудит жүргізілді. Білікті, білімді, заман талабына сай бәсекеге қабілетті маман дайындау үшін қажетті пәндерге сараптама жасалды. Жұмыс берушілермен кездесу өткізілді. Кездесу барысында 6В01202 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу бойынша білім беру бағдарламасы егжей-тегжейлі талқыланып, жұмыс берушілер болашақ кадрларда қандай негізгі құзыреттіліктерінің болуы керектігіне тоқталып, бағдарламаларда практикаға негізделген қандай пәндердің болуы керектігі туралы өз ұсыныстарын білдірді. Сондай-ақ қосымша білім беру бағдарламаларының (minor) пәндері талқыланып қарастырылды. Білім беру бағдарламаларын талқылау барысындағы жұмыс берушілердің ұсыныстары ескеріліп, ендірілген жаңа пәндердің силлабустарына да аудит жасалды.

АК төрағасы Э.Ж.Халилаева: Құрметті АК мүшелері, бүгінгі мәжілісте қарастырылған мәселелердің барлығына тоқталып, атсалысқандарыңыз үшін рақмет. Алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар өте көп, ұжыммен бірлесіп жасаған жұмыс әрқашан оң шешімін табады деген сенімдемін.

ШЕШІМ:

1. Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы бағыты бойынша посмониторинг есебі IQAA білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Тәуелсіз агенттіктің сыртқы сараптама комиссиясына өткізуге ұсынылсын.
2. Аталған білім беру бағдарламалары сұранысқа ие болғандықтан, өзектілігін жоғалтпағандықтан және соңғы 3 жыл контингент қабылданғандықтан, ББ РЕЕСТР-де қалдыруға ұсынылсын.
3. Қазан айында атқарылған іс-шаралар нәтижесі қабылдансын.

АК төрағасы:

Хатшысы:



Э.Ж.Халилаева

С.А.Мирзаева